

## Бюджеттік кредиттерді тіркеу, есепке алу және мониторингтеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2025 жылғы 16 мамырдағы № 236 бұйрығы

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 162-бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Бюджеттік кредиттерді тіркеу, есепке алу және мониторингтеу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджеттік кредиттеу, Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры және қаржы секторы мәселелері бойынша өзара іс-қимыл департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында оның орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің міндеттін атқарушы

E. Біржанов

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

2025 жылғы 16 мамырдағы

№ 236 бұйрығымен

бекітілген

## Бюджеттік кредиттерді тіркеу, есепке алу және мониторингтеу қағидалары

### 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Бюджеттік кредиттерді тіркеу, есепке алу және мониторингтеу қағидалары ( бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 162-бабына сәйкес әзірленді және бюджеттік кредиттерді тіркеу, есепке алу және мониторингтеу, бюджеттік кредиттерді пайдалану, өтеу және оларға қызмет көрсету барысы туралы ақпаратты жинау, өндөу және талдау, бюджеттік кредиттерді пайдалану тиімділігін

бағалауды жүзеге асыру тәртібін айқындауды, сондай-ақ бюджеттік кредиттерді қарыз алушылар, сенім білдірілген өкілдер (агенттер), түпкілікті қарыз алушылар ұсынатын ақпарат нысандарын белгілейді.

## **2-тарау. Бюджеттік кредиттерді тіркеу тәртібі**

2. Бюджеттік кредиттеу шарттарын, оларға қосымша келісімдерді тіркеу бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның "e-Қаржымині" интеграцияланған автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – "e-Қаржымині" ИААЗ) жүзеге асырылады:

1) кредиттік шартқа тіркеу нөмірін беру жолымен республикалық бюджет қаражаты есебінен бюджеттік кредиттер жөніндегі мемлекеттік қазынашылық;

2) кредиттік шартқа тіркеу нөмірін беру жолымен жергілікті бюджет қаражаты есебінен бюджеттік кредиттер жөніндегі жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

3. Қарыз алушы мен сенім білдірілген өкіл (агент) арасында жасалатын тапсырма шартын тіркеу "e-Қаржымині" ИААЗ-да жүзеге асырылады.

4. Сенім білдірілген өкіл (агент) мен түпкілікті қарыз алушы арасында жасалатын кредиттік шартты тіркеу "e-Қаржымині" ИААЗ-да кредиттік шартты тіркеу туралы мәліметтерді кейіннен бере отырып, сенім білдірілген өкілдің (агенттің) ақпараттық жүйесінде жүзеге асырылады.

5. Кредиттік шарттың тіркеу нөмірі сенім білдірілген өкілдің (агенттің) және түпкілікті қарыз алушының тіркеу бірегей нөмірін кейіннен қоса отырып, қарыз алушыны, бюджеттік бағдарлама әкімшісін қоса алғанда, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның бірегей нөмірін қамтиды.

## **3-тарау. Бюджеттік кредиттерді есепке алу тәртібі**

6. Республикалық және жергілікті бюджеттерден берілген бюджеттік кредиттерді бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мен бюджеттен қаражат алушы арасында жасалған кредиттік шарттар мен қосымша келісімдер негізінде мемлекеттік қазынашылық есепке алуға жатады.

7. Мемлекеттік қазынашылық осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес қарыз алушылар мен сенім білдірілген өкілдер (агенттер) болінісінде берілген Бюджеттік кредиттердің тізілімін жүргізеді.

8. Аударылған және қайтарылған бюджеттік кредиттерді, сыйақыларды және тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) есепке алууды мемлекеттік қазынашылық "e-Қаржымині" ИААЗ-да бюджеттік кредиттерді есепке алу карточкаларында (бұдан әрі – есепке алу карточкасы) жүзеге асырады.

Бюджеттік кредиттерді есепке алу карточкалары осы Қағидаларға 2-қосымшага сәйкес бюджеттік бағдарламалар әкімшілері, қарыз алушылар және сенім білдірілген өкілдер (агенттер) болінісінде жүргізіледі.

Аударылған және қайтарылған бюджеттік кредиттерді, сыйақыларды және түпкілікті қарыз алушылар бойынша тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) есепке алу сенім білдірілген өкілдің (агенттің) ақпараттық жүйесіндегі есепке алу карточкаларында жүзеге асырылады.

9. Есепке алу карточкаларынан алғынған мәліметтер негізінде "e-Қаржымині" ИААЗ-да республикалық және жергілікті бюджеттерден қаражат алушылар және бюджеттік кредитті игеру туралы талдамалық ақпарат қалыптастырылады.

10. Қарыз алушылар, сенім білдірілген өкілдер (агенттер) түпкілікті қарыз алушылардың растайтын құжаттарының негізінде есепті айдан кейінгі айдың он бесінші күнінен кешіктірілмейтін мерзімде "e-Қаржымині" ИААЗ-да осы Қағидаларға 3-қосымшага сәйкес нысан бойынша кредитті пайдалану, өтеу және қызмет көрсету барысы туралы ақпаратты қалыптастырады.

Түпкілікті қарыз алушылар есепті айдан кейінгі айдың оныншы күнінен кешіктірілмейтін мерзімде сенім білдірілген өкілдерге (агенттерге) осы Қағидаларға 3-қосымшага сәйкес нысан бойынша кредитті пайдалану, өтеу және қызмет көрсету барысы туралы ақпарат береді.

#### **4-тaraу. Бюджеттік кредиттерге мониторинг жүргізу тәртібі**

11. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган қарыз алушылардың, сенім білдірілген өкілдердің (агенттердің), түпкілікті қарыз алушылардың міндетті түрде беретін ақпараты негізінде бюджеттік кредиттердің мониторингін жүзеге асырады.

12. Бюджеттік кредиттерге мониторинг жүргізу мынадай:

1) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, қарыз алушы банктердің, түпкілікті қарыз алушылардың, сенім білдірілген өкілдердің (агенттердің) және қаржы агенттіктерінің бюджеттік кредиттерді пайдалану, өтеу және оларға қызмет көрсету барысы туралы ақпаратына;

2) бюджеттік бағдарламаларды орындау мақсаттары үшін тікелей және түпкілікті нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізулерге;

3) берілген кредиттер көлемінің деңгейіне;

4) оларға қол жеткізу үшін пайдаланылған ресурстар ескеріле отырып, алғынған нәтижелердің жоспарланған арақатынасының тиімділігіне талдауды қамтиды.

13. Бюджеттік кредиттер мониторингінің нәтижелері ақпаратты жинаудың, өндеудің және сақтаудың электрондық жүйесін пайдалана отырып, бюджеттік кредиттерді алу, оларға қызмет көрсету және өтеу және кредиторлық берешектің ағымдағы жай-күйі туралы ақпарат түрінде ресімделеді.

тіркеу, есепке алу және  
мониторингтеу қағидаларына  
1-қосымша

## **Қарыз алушылар мен сенім білдірілген өкілдер (агенттер) бөлінісінде ұсынылған бюджеттік кредиттер тізілімі**

| № | Карыз алушылардың/ сенім білдірілген өкілдердің (агенттердің) атауы | Кредит шартының нөмірі мен күні | Валютасы | Сомасы | Кредитті етеш күні | Игерілді                   |      | Негізгі қарыз |      | Сыйақы% |      | Айыппұл |      | Негізгі қарыздың қалдығы |
|---|---|---------------------------------|----------|--------|--------------------|----------------------------|------|---------------|------|---------|------|---------|------|--------------------------|
|   |   |                                 |          |        |                    | іс жүзін дегі игеру сомасы | күні | сомасы        | күні | сомасы  | күні | сомасы  | күні |                          |
| 1 | 2   | 3                               | 4        | 5      | 6                  | 7                          | 8    | 9             | 10   | 11      | 12   | 13      | 14   | 15                       |

Бюджеттік кредиттерді  
тіркеу, есепке алу және  
мониторингтеу қағидаларына  
2-қосымша

|  |                              |                  |   |                 |           |   |  |  |  |  |  |  |  |  |
|--|------------------------------|------------------|---|-----------------|-----------|---|--|--|--|--|--|--|--|--|
| Бюджеттік кредиттерді есепке алу карточкасы                          |                              |                  |   |                 |           |   |  |  |  |  |  |  |  |  |
| Карыз алушының/ сенім білдірілген өкілдің (агенттің) атауы _____     |                              |                  |   |                 |           |   |  |  |  |  |  |  |  |  |
| БСН/ЖСН_____   |                              |                  |   |                 |           |   |  |  |  |  |  |  |  |  |
| Бюджеттік бағдарламаның коды және атауы _____                        |                              |                  |   |                 |           |   |  |  |  |  |  |  |  |  |
| Олшем бірлігі: _____   |                              |                  |   |                 |           |   |  |  |  |  |  |  |  |  |
| Операцияның мазмұны және жазба жүргізуге негіз болған құжат (енгізу) | Бюджетке аудару/есептеу күні |                  | Кредит бойынша есеп айырысулар (негізгі қарыз бойынша)      |                 |           |   |  |  |  |  |  |  |  |  |
|  | өтеш кестесі                 | төлем тапсырмасы | қарыз алушыға/ сенім білдірілген өкілге (агентке) аударылды | төлемдер сәйкес | кестесіне | қайтарылды (мерзімінен бұрын, игерілмеген, мақсатқа сай емес) | кредит бойынша есеп айырысулар бойынша сальдо (артық төлем қайтарылға жатады-, (артық)+) |  |  |  |  |  |  |  |
| 1  | 2                            | 3                | 4   | 5               | 6         | 7   | 8  |  |  |  |  |  |  |  |

**kestенің жалғасы**

|                                |  |  |  |   |  |  |  |
|--------------------------------|--|--|--|---|--|--|--|
| Сыйақы бойынша есеп айырысулар |  |  |  | Айыппұлдар бойынша есеп айырысулар (өсімпұл, айыппұл) |  |  |  |
|                                |  |  |  | төленді (қайтарылды)                                  |  |  |  |

|           |         |                                   |                               |  |   |
|-----------|---------|-----------------------------------|-------------------------------|--|---|
| есептелді | төленді | сыйақы<br>бойынша сальдо<br>(+,-) | есептелді<br>азайтылды) (+,-) | (<br>аыйппұлдар<br>өсімпұлдар,<br>аыйппұлдар) (+;-)<br>) s | (<br>аыйппұлдар<br>бойынша сальдо<br>(өсімпұлдар,<br>аыйппұлдар) (+,-)<br>) |
| 9         | 10      | 11                                | 12                            | 13   | 14  |

Бюджеттік кредиттерді  
тіркеу, есепке алу және  
мониторингтеу қағидаларына  
3-қосымша

## Кредитті пайдалану, өтеу және оған қызмет көрсету барысы туралы ақпарат

|   |
|---|
| Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, бюджеттік бағдарламаның әкімшісі және қарызы алушы арасындағы кредиттік шарт |
| Карыз алушы мен сенім білдірілген өкіл (агент) арасындағы тапсырма-шарт (бар болса)                                       |
| Кредит шарты бойынша сома   |
| Іс жүзінде игерілген сома   |
| Кредит валютасы   |
| Сыйақы мөлшерлемесі   |

| № | Карыз алушының атауы | БСН/ЖСН | Сенім білдірілген өкіл (агент)/карьзы алушы мен түпкілікті карызы алушы арасындағы кредиттік шарт |        | Кредитті пайдалану мерзімі | Кредиттің мақсаты | Жыл басындағы борыштың қалдығы |             |                       |                    |
|---|----------------------|---------|---|--------|----------------------------|-------------------|--------------------------------|-------------|-----------------------|--------------------|
|   |                      |         | күні  | нөмірі |                            |                   | барлығы                        | оның ішінде | негізгі борыш бойынша | сыйақы лар бойынша |
| 1 | 2                    | 3       | 4   | 5      | 6                          | 7                 | 8                              | 9           | 10                    | 11                 |

### кестенің жалғасы

| Есепті кезеңнің басындағы мерзімі өткен берешек |                       |                   |          | Есепті кезеңде респубикалық бюджеттен берілген кредиттер |        | Есепті кезеңде өтеуге жатады |        |          |
|---|-----------------------|-------------------|----------|--|--------|------------------------------|--------|----------|
| барлығы   | оның ішінде           |                   |          | Күні   | Сомасы | негізгі борыш                | сыйақы | өзгелері |
|   | негізгі борыш бойынша | сыйақылар бойынша | өзгелері |  |        |                              |        |          |
| 12  | 13                    | 14                | 15       | 16   | 17     | 18                           | 19     | 20       |

### кестенің жалғасы

|   |   |               |        |          |
|---|---|---------------|--------|----------|
| Карыз алушы сенім білдірілген өкілге (агентке) есепті кезеңде өтегені | Карыз алушы/сенім білдірілген өкіл (агент) есепті кезеңде респубикалық бюджетке өтегені | негізгі борыш | сыйақы | өзгелері |
|   |   |               |        |          |

| күні | негізгі борыш | сыякы | өзгелері | күні | сомасы | Бюджет тік сыныпта ма коды | сомасы | Бюджет тік сыныпта ма коды | сомасы | Бюджет тік сыныпта ма коды |
|------|---------------|-------|----------|------|--------|----------------------------|--------|----------------------------|--------|----------------------------|
| 21   | 22            | 23    | 24       | 25   | 26     | 27                         | 28     | 29                         | 30     | 31                         |

### кестенің жалғасы

| Есепті кезеңнің сонындағы негізгі борыш бойынша берешектің қалдығы | Есепті кезеңнің сонындағы мерзімі өткен берешек |                          |                       |                           |                 |                          |                   |          | Пайдаланылмаған кредитсомасы | Кредитті мерзіміне нұрын өтеу сомасы |  |  |  |  |  |  |
|--|---|--------------------------|-----------------------|---------------------------|-----------------|--------------------------|-------------------|----------|------------------------------|--------------------------------------|--|--|--|--|--|--|
|  | оның ішінде                                     |                          | негізгі борыш бойынша |                           |                 |                          | сыяқыла р бойынша | өзгелері |                              |                                      |  |  |  |  |  |  |
|  | барлығы   |                          | 30 күннен астам       |                           | 90 күннен астам |                          |                   |          |                              |                                      |  |  |  |  |  |  |
|  | сомасы  | несие портфеліндегі үлес | сомасы                | несие портфеліндегі үлесі | сомасы          | несие портфеліндегі үлес |                   |          |                              |                                      |  |  |  |  |  |  |
| 32   | 33  | 34                       | 35                    | 36                        | 37              | 38                       | 39                | 40       | 41                           |                                      |  |  |  |  |  |  |

### кестенің жалғасы

| Кредитті нысаналы пайдалану   |        |            |        |            |        | Тікелей нәтиже (өлшем бірлігі) |        | Тұпкілікті нәтиже (өлшем бірлігі) |  |  |
|-------------------------------|--------|------------|--------|------------|--------|--------------------------------|--------|-----------------------------------|--|--|
| Т Ж К атауы, өзге де шығыстар | саны   |            | сомасы |            | атауы  |                                | атауы  |                                   |  |  |
|                               | жоспар | iс жүзінде | жоспар | iс жүзінде | жоспар | iс жүзінде                     | жоспар | iс жүзінде                        |  |  |
| 42                            | 43     | 44         | 45     | 46         | 47     | 48                             | 49     | 50                                |  |  |

### кестенің жалғасы

| Кәсіпкерлік қызметтің түсетін кіріс | Күрьылған жұмыс орындарының саны, оның ішінде жаңадан тіркелген ЖК | Төленген салық сомасы | Қарыз алушының экономикалық белсенділігінің мәртебесі |                  |                     | Салалық ерекшеліктері ескерілген басқа көрсеткіштер: |        | Ескертпе |
|-------------------------------------|--|-----------------------|---|------------------|---------------------|--|--------|----------|
|                                     |  |                       | жұмыс істеп тұр                                       | токтатыла тұрган | қызметі токтатылған | атауы  | жоспар |          |
| 51                                  | 52   | 53                    | 54  | 55               | 56                  | 57   | 58     | 59       |

Ескертпе:

Кредитті пайдалану, өтеу және оған қызмет көрсету барысы туралы ақпаратты толтыру бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік бағдарлама шенберінде берілген қарыз алушы банктердің, тұпкілікті қарыз алушылардың, сенім білдірілген өкілдердің (агенттердің) және қаржы агенттіктерінің бюджеттік бағдарлама шенберінде берілген Кредитті пайдалану, өтеу және оған қызмет көрсету барысы туралы ақпаратқа қосымшаға түсініктемеге сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі және бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі мониторинг жүргізу үшін қосымша ақпарат сұратады.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН – бизнес сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ЖК – жеке кәсіпкер;

ТЖК – тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер.

Бюджеттік бағдарлама  
шенберінде берілген  
кредитті пайдалану, өтеу  
және оған қызмет көрсету  
барысы туралы ақпаратқа  
қосымша

## **Әкімшілік деректерді жинауга арналған ақпарат нысанын толтыру бойынша түсініктеме**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсініктеме республикалық бюджеттен ішкі көздер есебінен берілген кредиттер бойынша қарыз алушылар, сенім білдірілген өкілдер (агенттер) ұсынатын ақпарат нысанын (бұдан әрі – Есеп нысаны) толтыру жөніндегі бірыңғай талаптарды айқындауды.

2. Ақпарат нысаны бастапқы есепке алу деректері негізінде тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі 15-күніне дейін, жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың 15 қантарына дейін толтырылады және ұсынылады.

3. Ақпарат нысаны ақпараттық жүйе арқылы ұсынылады.

### **2-тарау. Ақпарат нысанын толтыру бойынша түсініктеме**

4. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі, бюджеттік бағдарлама әкімшісі және қарыз алушы арасындағы кредиттік шарт" деген жолда Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі, бюджеттік бағдарлама әкімшісі және қарыз алушы арасында жасалған кредиттік шарттың нөмірі мен құні көрсетіледі.

5. "Қарыз алушы мен сенім білдірілген өкіл (агент) (бар болса) арасындағы тапсырма шарты" деген жолда, егер осында тапсырма шартын жасасу бюджет заңнамасында көзделген болса, қарыз алушы мен сенім білдірілген өкіл (агент) арасында жасалған тапсырма шартының нөмірі мен құні көрсетіледі.

6. "Бюджеттік бағдарламаның коды және атауы" деген жолда бюджеттік бағдарламаның коды мен атауы көрсетіледі.

7. "Кредиттік шарт бойынша сома" деген жолда Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, бюджеттік бағдарлама әкімшісі және қарыз алушы арасындағы кредиттік шарттың сомасы көрсетіледі.

8. "Іс жүзінде игерілген сома" деген жолда сенім білдірілген өкіл (агент) іс жүзінде игерген кредит сомасы көрсетіледі.

9. "Кредит валютасы" деген жолда кредиттік шартта белгіленген валюта көрсетіледі

10. "Сыйақы мөлшерлемесі" деген жолда бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның шешімімен белгіленген бюджеттік кредиттің негізгі шарттарына сәйкес сыйақы мөлшерлемесі көрсетіледі.

11. 1-бағанда реттік нөмірлер көрсетіледі.

12. 2 бағанда қарыз алушының атауы көрсетіледі.

13. 3-бағанда қарыз алушының бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

14. 4 және 5-бағандарда кредиттік шарттың күні мен нөмірі көрсетіледі.

15. 6-бағанда кредитті пайдалану мерзімі (жылдардағы) көрсетіледі.

16. 7-бағанда кредиттің мақсаты көрсетіледі.

17. 8-бағанда жыл басындағы борыштың барлық қалдығы көрсетіледі.

18. 9-бағанда негізгі борыш бойынша жыл басындағы борыштың қалдығы көрсетіледі.

19. 10-бағанда сыйақы бойынша жыл басындағы борыштың қалдығы көрсетіледі.

20. 11-бағанда басқа төлемдер бойынша жыл басындағы борыштың қалдығы көрсетіледі.

21. 12-бағанда есепті кезеңнің басындағы барлық мерзімі өткен берешек көрсетіледі

22. 13-бағанда негізгі борыш бойынша есепті кезеңнің басына мерзімі өткен берешек көрсетіледі.

23. 14-бағанда сыйақылар бойынша есепті кезеңнің басына мерзімі өткен берешек көрсетіледі.

24. 15-бағанда басқа төлемдер бойынша есепті кезеңнің басына мерзімі өткен берешек көрсетіледі.

25. 16-және 17-бағандарда есепті кезенде республикалық бюджеттен кредиттер беру күні мен сомасы көрсетіледі.

26. 18-бағанда есепті кезенде өтеуге жататын негізгі борыштың сомасы көрсетіледі.

27. 19-бағанда есепті кезенде төленуге жататын сыйақы сомасы көрсетіледі.

28. 20-бағанда есепті кезенде өтеуге жататын өзге де сомалар көрсетіледі.

29. 21-бағанда қарыз алушының сенім білдірілген өкілге (агентке) есепті кезең үшін өтеу күні көрсетіледі.

30. 22-бағанда қарыз алушының сенім білдірілген өкілге (агентке) негізгі борыш бойынша есепті кезең үшін өтеуі көрсетіледі.

31. 23-бағанда қарыз алушының сенім білдірілген өкілге (агентке) сыйақы бойынша есепті кезең үшін төлейтін сомасы көрсетіледі.

32. 24-бағанда қарыз алушының сенім білдірілген өкілге (агентке) басқа төлемдер бойынша есепті кезең үшін өтеу сомасы көрсетіледі.

33. 25-бағанда қарыз алушының/сенім білдірілген өкілдің (агенттің) есепті кезең үшін республикалық бюджетке жүргізген өтеуінің күні көрсетіледі.

34. 26-бағанда қарыз алушының/сенім білдірілген өкілдің (агенттің) негізгі борыш бойынша есепті кезең үшін республикалық бюджетке жүргізген өтеу сомасы көрсетіледі.

35. 27-бағанда қарыз алушының/сенім білдірілген өкілдің (агенттің) негізгі борыш бойынша есепті кезеңде республикалық бюджетке жүргізген өтеуі бойынша бюджеттік сыныптаманың коды көрсетіледі.

36. 28-бағанда қарыз алушының/сенім білдірілген өкілдің (агенттің) сыйақы бойынша есепті кезең үшін республикалық бюджетке төлейтін төлемдер сомасы көрсетіледі.

37. 29-бағанда қарыз алушының/сенім білдірілген өкілдің (агенттің) сыйақы бойынша есепті кезеңде республикалық бюджетке жүргізген төлемдері бойынша бюджеттік сыныптаманың коды көрсетіледі.

38. 30-бағанда қарыз алушының/сенім білдірілген өкілдің (агенттің) өзге төлемдер бойынша есепті кезең үшін республикалық бюджетке өтеу сомасы көрсетіледі.

39. 31-бағанда қарыз алушының/сенім білдірілген өкілдің (агенттің) есепті кезеңде басқа төлемдер бойынша республикалық бюджетке өткізген өтеуі бойынша бюджеттік сыныптаманың коды көрсетіледі.

40. 32-бағанда негізгі борыш бойынша есепті кезеңің соындағы берешектің қалдығы көрсетіледі.

41. 33-бағанда есепті кезеңің соында барлық мерзімі өткен берешек көрсетіледі.

42. 34-бағанда негізгі борыш бойынша есепті кезеңің соында 30 күннен астам мерзімі өткен берешек сомасы көрсетіледі.

43. 35-бағанда негізгі борыш бойынша есепті кезеңің соында 30 күннен астам мерзімі өткен берешектің несие портфеліндегі үлесі көрсетіледі.

44. 36-бағанда негізгі борыш бойынша есепті кезеңің соында 90 күннен астам мерзімі өткен берешек сомасы көрсетіледі.

45. 37-бағанда негізгі борыш бойынша есепті кезеңің соында 90 күннен астам мерзімі өткен берешектің несие портфеліндегі үлесі көрсетіледі.

46. 38-бағанда сыйақылар бойынша есепті кезеңің соында мерзімі өткен берешек көрсетіледі.

47. 39-бағанда өзге төлемдер бойынша есепті кезеңің соында мерзімі өткен берешек көрсетіледі.

48. 40-бағанда кредиттердің пайдаланылмаған сомасы көрсетіледі.

49. 41-бағанда кредитті мерзімінен бұрын өтеу сомасы көрсетіледі.

50. 42-бағанда кредиттің нысаналы пайдаланылуын растайтын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің, өзге де шығыстардың атауы көрсетіледі (деректер мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйесі арқылы тіркелген

электрондық шот-фактуралар; тауарлар туралы мәліметтерді және тауарларды шығару үшін қажетті өзге де мәліметтерді қамтитын кедендік құжаттар (кедендік декларация); 328.00-нысан бойынша тауарларды әкелу туралы өтініш).

51. 43 және 44-бағандарда кредиттің нысаналы пайдаланылуын растайтын жоспарлы және іс жүзіндегі көрсеткіштері сандық мәнде көрсетіледі.

52. 45 және 46-бағандарда кредиттің нысаналы пайдаланылуын растайтын жоспарлы және іс жүзіндегі көрсеткіштері жиынтық мәнде көрсетіледі.

53. 47 және 48-бағандарда жоспарлы және іс жүзіндегі көрсеткіштерге бөле отырып және өлшем бірлігін көрсете отырып, тікелей көрсеткіштің атауы көрсетіледі.

54. 49 және 50-бағандарда жоспарлы және іс жүзіндегі көрсеткіштерге бөле отырып және өлшем бірлігін көрсете отырып, түпкілікті көрсеткіштің атауы көрсетіледі.

55. 51-бағанда есепті кезеңде кәсіпкерлік қызметтөн алынған және есептіліктің салық нысандарында көрсетілген кіріс көрсетіледі.

56. 52-бағанда құрылған жұмыс орындарының саны көрсетіледі, оның ішінде жаңадан тіркелген жеке кәсіпкерлер көрсетіледі.

57. 53-бағанда төленген салықтардың сомасы көрсетіледі, атап айтқанда: корпоративтік/жеке табыс салығы, әлеуметтік салық, қосылған құн салығы, бірыңғай жер салығы, бөлшек салық, занды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің мүлік салығы.

58. 54, 55 және 56-бағандарда қарыз алушының экономикалық белсенділігінің мәртебесі (жұмыс істейтін, жұмысын уақытша тоқтатқан, жұмысын тоқтатқан не таратқан) көрсетіледі.

59. 57 және 58-бағандарда (бар болса) жоспарлы және іс жүзіндегі көрсеткіштерге бөле отырып, салалық ерекшеліктерді ескере отырып, басқа көрсеткіштер көрсетіледі.

60. 59-бағанда ескертпе бар болса көрсетіледі.